

**Жалақыға және тұтынуға жұмсалатын қаржының өсіміне шектеулерді жою туралы әрі бюджеттік ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің жалақысын өсіру туралы<\*>**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1991 жылғы 12 желтоқсан N 541. ҚРМҚ-нің 1992.02.07. N 100 қаулысын қараңыз. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.29. N 2843 жарлығымен.

Салықтың әлеуметтік қорғалуын күшейту және қызметкерлердің еңбекке қатынасын арттыру мақсатында қаулы етемін:

1 . < \* >

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 1994.01.10.

N 1494 ж а р л ы ғ ы м е н .

2. Бюджеттік қаржыландырудағы денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ғылым ұйымдары мен мекемелерінде, право қорғау органдарында, соттарда, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында және басқа ұйымдарда істейтін қызметкерлердің қолданылып жүрген тарифтік ставкалары мен окладтарының мөлшері 1991 жылғы 15 желтоқсанныан бастап 90 процент арттырылсын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен және өкімдерімен және басқа нормативтік актілерімен белгіленген ставкалармен окладтар 1991 жылғы сәуірде енгізілген өтем ескеріліп, ұлғайтуға жатады.

3. Еңбекке ақы төлеу реформасы жүзеге асырылғанға дейін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге өз қолдарындағы қаражаттың шеңберінде жалақыға көлемін шектемей, қолданылып жүрген аудандық және өзге коэффициенттерді қ о с у ғ а р ұ қ с а т е т і л с і н .

4. Бюджеттік қаржыландырудағы ұйымдар мен мекемелерге еңбекке ақы төлеудің формалары мен жүйесін дербес белгілеуге, үстемелердің, қосымша төлемдердің, сыйлықтардың және көтермелеуші сипаты бар басқа да төлемдердің мөлшерін, сондай-ақ еңбекақы төлеуге бөлінген бюджет қаржысының шеңберінде әр түрлі категорияда қызметкерлер санының ара-қатынасын есепке алмай, құрылымдар мен штаттарды анықтауға құқық б е р і л с і н .

5. Халық депутаттары облыстық Кеңестерінің атқару комитеттеріне, Алматы және Ленинск қалалық комитеттеріне қосымша қаражат табылған жағдайда тиісті бюджеттердің есебінен бюджеттік қаржыландырудағы өздеріне қарасты ұйымдарда істейтін қызметкерлердің ставкалары мен окладтарын өсіруге құқық

б е р і л с і н .

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттерімен бірлесіп, бюджеттік қаржыландырудағы қызметкерлердің тарифтік ставкалары мен окладтарын өсіру шығындарын үстіміздегі жылы қаржыландырудың тәртібі мен көздерін анықтасын және 1992 жылға арналған бюджеттердің жобаларында қажетті қаржының бөлінуін қарастырсын;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі кезекті сессиясының қарауына 1991 жылғы 15 желтоқсаннан бастап 1991 жылғы сәуірде енгізілген өтем ескеріліп айына 200 сомнан төмен болмайтын сомада белгілеуді еске ала отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін бекіту туралы қаулының жобасын енгізісін;

ең төменгі тұтыну бюджетінің және республиканың әлеуметті экономикалық жағдайының өзгеруіне қарай еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшерін уақыт өткен сайын қайта қарап отыру тәртібі туралы шешім қабылдасын;

осы Жарлыққа байланысты Қазақстан Республикасы заңдарын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне ұсыныстар енгізісін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті